

**«Облыстық патологиялық-анатомиялық бюросы» ШЖҚ МКК-ның жиналыс
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

№8

14 наурыз 2025 жыл

Қатысушылар:

Жиналыс төрағасы – ОПАБ басшысы М.Р.Копабаев;
Жиналыс хатшысы – кадр инспекторы А.А.Жанталиева;
ОПАБ қызметкерлері – 14 қызметкер.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 03.07.2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі ҚК) 189,190,218,249,361,362,364,365,366,367,368,369,370,450,451 және 452 баптарына тоқталу;
2. 05.07.2014 жылғы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіндегі (бұдан әрі ӘҚБТК) қандай сыйлық «Пара» деп саналады және оған қандай жаза көзделгендігі туралы түсіндіру;
3. 18.11.2015 жылғы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын түсіндіру.

Жиналысты оның төрағасы М.Р.Копабаев ашып күн тәртібінде көрестілген заңнамалық актілер бойынша түсіндіру жүргізу үшін сөзді заңгер әрі комплаенс офицері қызметін қоса атқарушы М.Н.Зұлпыхарға берді.

М.Н.Зұлпыхар ең алдымен ҚК-нің сыбайлас жемқорлық қылмыстар болып табылатын 189, 190, 218, 249, 361,362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 және 452 баптары бойынша түсіндірме беруден бастады. ҚК-тің 3-бабының 29-тармақшасына сәйкес жоғарыда көрсетілген баптар сыбайлас жемқорлық қылмыстар санатына жатқызылған. Осы баптарға жеке-жеке тоқталып, әрбір бап бойынша түсіндірме берді, оның ішінде баптың атауы мен мағынасы, баптың әрбір бөлігі мен тармағы бойынша тағайындалатын жазалардың түрлері мен сипаттарын толық айтып берді.

Кейін ӘҚБТК бойынша, атап айтқанда қандай сыйлық «Пара» деп саналады, оған қандай жаза көзделгендігіне тоқталып өтті.

Осы ӘҚБТК-нің 34-тарауында жазылған әкімшілік құқық бұзушылықтар әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар болып табылады. Бұл тараудың 676-бабында жазылғандай жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға (бұдан әрі Тұлғалар) заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – екі жүз айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі АЕК) мөлшерінде айыппұл салынады.

Ал 677-бапқа сәйкес Тұлғаларға жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді не көрсетілетін қызметтерді ұсынған тұлғалардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін осыларды алуы, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) Тұлғалардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – алты жүз АЕК айыппұл салуға әкеп соғады.

Сонымен бірге, 678-бапқа сәйкес заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі жеті жүз АЕК мөлшерінде айыппұл салынады және әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасағанда – бір мың бес жүз АЕК мөлшерінде айыппұл салынатындығын айтты.

Бұл жерде маңызды мәселе ҚК-нің 366-бабының 4-бөлігінің соңғы абзацында баяндалғандай егер сыйлықтың құны екі АЕК аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады.

Көрсетілген ҚК осы талабына сәйкес екі АЕК (бір АЕК қазір 3932 теңге) аспаса, яғни 7864 теңгеден кем болса және алдын-ала уағдаластық болмаса ӨҚБТК-ке сәйкес «Пара» деп саналады және оған жоғарыда көрсетілген әкімшілік жазалар қолданылатындығын түсіндіріп берді.

Соңында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әсіресе квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері бойынша толық түсіндіру жүргізілді.

Жиналысқа қатысушылар сыбайлас жемқорлық туралы заңнама талаптарын сақтауды және сыбайлас жемқорлық қылмыстар немесе сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықтар жасамау керектігін бірауыздан қабылдады.

Жиналыс соңында қатысушылардың сұрақтарына тиісті жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы:



М.Р.Кобабаев

Жиналыс хатшысы:

А.А.Жанталиева